

К.Н. Жаппаркулова* , А.Н. Ахмет , Э.А. Сейтказы 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: karlygash.zhapparkul@gmail.com

БОЛАШАҚ ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОҚЫТУШЫЛАРЫН ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЖАОК РӨЛІ

Мақалада жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) жоғары білім беру жүйесіне енгізудің әдістемелік негіздері мен оның болашақ орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларын даярлау үдерісіндегі рөлі қарастырылады. ЖАОК-тың оқу үдерісіне ықпалына шолу жасалып, оның білім беру бағдарламаларында қолданылатын негізгі форматтары талданады: аралас оқыту, онлайн форматқа көшу, білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара әрекеттестік кеңістігін кеңейту және электрондық ресурстарды қолдану.

Зерттеуде ЖАОК құрудың негізгі кезеңдері сипатталып, олардың ішінде мақсатты аудиторияны зерттеу, материалды құрылымдау, теориялық білімді практикалық тапсырмалармен байланыстыру және лингводидактикалық ерекшеліктерді ескеру маңызды орын алатыны айтылады. Сонымен қатар, цифрлық технологияларды қолдану арқылы кәсіби құзыреттіліктерді дамыту және студенттердің жеке білім траекториясын құру мүмкіндіктері талқыланады.

Мақалада жаппай ашық онлайн курстардың (ЖАОК) жоғары білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктері мен болашағы талқыланып, олардың оқыту әдістемесін жетілдірудегі рөлі ашылады. Авторлар ЖАОК платформаларының (Coursera, EdX, FutureLearn) мысалдарын келтіріп, олардың халықаралық тәжірибеде қолдану нәтижелерін қарастырады. Зерттеудің теориялық негізі ретінде цифрлық педагогика, оқыту әдістемесі және АКТ құзыреттілігіне қатысты ғылыми тұжырымдамалар алынған. Мақала ЖАОК-ты енгізу мен қолданудың артықшылықтары мен қиындықтарын талдап, оқытуды дараландыру және мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту тұрғысынан өзекті.

Түйін сөздер: Сандық технологиялар, ақпараттық-білім беру ортасы, коммуникациялық құзыреттілік, жаппай ашық онлайн-курстар (ЖАОК), кәсіби қызмет.

K.N. Zhapparkulova*, A.N. Akhmet, E.A. Seitkazy

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: karlygash.zhapparkul@gmail.com

The role of MOOC in the process of training future teachers of the russian language and literature

The article discusses the methodological foundations of the introduction of massive open online courses (MOOCs) into the higher education system and their role in the process of training future teachers of Russian language and literature. The review of the impact of MOOCs on the educational process is carried out, the main formats of their application in educational programs are analyzed: blended learning, the transition to an online format, the expansion of the interaction space between students and teachers, as well as the use of electronic resources.

The study describes the main stages of MOOC creation, among which an important place is occupied by studying the target audience, structuring the material, correlating theoretical knowledge with practical tasks and taking into account linguistic and didactic features. In addition, the possibilities of developing professional competencies and building an individual educational trajectory of students using digital technologies are discussed.

The article discusses the possibilities and prospects of massive open online courses (MOOCs) in the higher education system, and reveals their role in improving teaching methods. The authors give examples of MOOC platforms (Coursera, EdX, FutureLearn) and consider the results of their application in international practice. The theoretical basis of the research is scientific concepts related to digital pedagogy, teaching methods and ICT competence. The article is relevant from the point of view of individualizing learning and developing intercultural competence, analyzing the advantages and difficulties of implementing and applying MOOCs.

Key words: digital technologies, information and educational environment, communication compe-

К.Н. Жаппаркулова*, А.Н. Ахмет, Э.А. Сейтқазы

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: karlygash.zhapparkul@gmail.com

Роль МООК в процессе подготовки будущих преподавателей русского языка и литературы

В статье рассматриваются методологические основы внедрения массовых открытых онлайн-курсов (МООК) в систему высшего образования и их роль в процессе подготовки будущих преподавателей русского языка и литературы. Проведен обзор влияния МООК на образовательный процесс, проанализированы основные форматы их применения в учебных программах: смешанное обучение, переход в онлайн-формат, расширение пространства взаимодействия между обучающимися и преподавателями, а также использование электронных ресурсов.

В исследовании описываются основные этапы создания МООК, среди которых важное место занимает изучение целевой аудитории, структурирование материала, соотнесение теоретических знаний с практическими задачами и учет лингводидактических особенностей. Кроме того, обсуждаются возможности развития профессиональных компетенций и построения индивидуальной образовательной траектории студентов с использованием цифровых технологий.

В статье обсуждаются возможности и перспективы массовых открытых онлайн-курсов (МООК) в системе высшего образования, раскрывается их роль в совершенствовании методики обучения. Авторы приводят примеры платформ МООК (Coursera, EdX, FutureLearn) и рассматривают результаты их применения в международной практике. В качестве теоретической основы исследования взяты научные концепции, касающиеся цифровой педагогики, методики обучения и ИКТ-компетентности. Статья актуальна с точки зрения индивидуализации обучения и развития межкультурной компетентности, анализируя преимущества и трудности внедрения и применения МООК.

Ключевые слова: цифровые технологии, информационно-образовательная среда, коммуникционная компетентность, массовые открытые онлайн-курсы (МООК), профессиональная деятельность.

Кіріспе

Қазіргі уақытта жоғары кәсіптік білім беруді дамытудың мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары заманауи цифрлық әлемнің сын-тегеуріндеріне жауап беру, студенттермен жұмыс істеудің әдістері мен форматтарын (тікелей және байланыссыз) енгізу, қашықтан оқыту технологияларын қолдану болып табылады (State mandatory standard of higher education, 2012: 12).

ЖАОК-тың оқу үдерісіне интеграциялануы тарихына шолу (ЖАОК-тың білім беру мазмұны мен оның атқаратын функцияларын қалыптастыру әсеріне байланысты) білім беру бағдарламаларына онлайн курстарды енгізудің негізгі түрлерін анықтауға мүмкіндік берді: 1) ЖАОК-ты аралас оқыту форматына енгізу; 2) білім беру бағдарламасының күндізгі бөлімдерінің бір бөлігін (модульдер, бөлімдер) немесе сабақ түрлерін (дәрістер, практикалық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмыстары және т.б.) онлайн пәндерге ауыстыру; 3) ЖАОК форматындағы студенттер мен оқытушылар арасындағы білім беру саласындағы өзара іс-қимыл желісін кеңейту; 4) ЖАОК ресурстық модель ретінде онлайн-

курстық материалдарды білім беру ресурсы, күндізгі бөлімде оқытылатын пәнді игеруге арналған электронды оқу құралы ретінде қарастыруды көздейді (Semyonova, 2017:114).

Болашақ орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларын даярлау үдерісінде білім беру ортасының бөлігі ретінде жаппай ашық онлайн-курстарды (ЖАОК) қалыптастыру әдісі сандық технологияларды оқытушылардың кәсіби дайындығына кіріктіруге бағытталған жүйелі тәсілді қамтиды. Мұндай әдістеменің негізгі аспектілеріне келесі кезеңдер мен элементтер жатады:

- ЖАОК мақсаттары мен міндеттерін айқындау болашақ оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, білім беру үдерісінде цифрлық ресурстарды пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

- мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін талдау, яғни студенттердің дайындық деңгейі, олардың орыс тілі мен әдебиеті саласындағы білімдері, сондай-ақ техникалық дағдылары;

- материалды құрылымдау, яғни мазмұнды теориялық және практикалық бөліктерді қамтитын модульдерге бөлу;

- теориялық материалдың практикалық тапсырмалармен байланысын қамтамасыз етудің

әдістемелік негіздері. Мысалы, интерактивті тапсырмалар арқылы мәтіндерді талдау;

- орыс тілі мен әдебиетін оқыту ерекшеліктерін ескеру, білімді тереңдетуге бағытталған лингвистикалық және әдеби міндеттерді қосу.

Студенттерге жеке білім беру траекториясын құруға мүмкіндік беретін цифрлық білім беру технологиясының терминологиясына тоқталайық: «онлайн оқыту», «онлайн курстар», «жаппай ашық онлайн курстар» (ЖАОК).

ЖАОК – бұл электронды оқыту технологиясына және интернетті пайдалануға, желілік байланыс түрлеріне (онлайн-консультациялар, кері байланыс форумдары) негізделген қашықтан оқытудың бір түрі. ЖАОК білім берудің ашықтығы мен қолжетімділігі қағидатын жүзеге асырады: а) пәндерді оқыту тәжірибесін біріктіру (әртүрлі оқу іс-әрекеттерінен тұра-

тын жоғары сапалы білім беру мазмұны: дәріс конспектілері мен презентациялары, бейне оқулықтар, викиорта, интерактивті интеллект карталары, міндетті түрде оқуға ұсынылатын түпнұсқалық ғылыми әдебиеттер көлемі); б) курс оқытушылары туралы ақпарат (мекен-жайлары мен байланыстары), тапсырмаларды орындау мерзімдері, техникалық көмек және қолдау (материалдардың бар-жоғы туралы хабарламалар, курстың апталық жоспарлары және өткен аптадағы тапсырмалардың сәтті орындалуын бағалау).

О.П. Михееваның пікірінше, «ЖАОК – бұл электронды білім берудің мультимедиялық мазмұнын және оқытушылар қауымдастығының қолдауымен пайдаланушылардың интерактивті өзара әрекеттесуін қолдана отырып, электронды оқыту» (Михеева, 2016:768).

1-кесте – ЖАОК – электронды оқу-әдістемелік кешен

ЖАОК	
massive (жаппай)	курстың сәтті жүзеге асуы үшін қолданушылардың саны көп болуы керек;
open (ашық)	курс тегін, кез-келген адам оған қосыла алады; әдетте, бұл курстар ашық бағдарламалық жасақтаманы және ақысыз Web 2.0 әлеуметтік қызметтерін пайдаланады;
online (онлайн – электронды/қашықтан)	материалдар курстар және бірлескен жұмыс нәтижелері интернетте барлық қатысушылар үшін ашық қолжетімді;
course (курс)	оның тиісті құрылымы, жұмыс ережелері және жалпы мақсаттары бар, олар кейіннен әр қатысушы үшін өзгеруі мүмкін.

Джордж Сименс пен Стивен Даунстың 2008 жылы 2300 студентке арнап «Connectivism and Connected Knowledge» курсын жасап шыққаны белгілі.

2011 жылы Стэнфорд Университетінің профессоры Себастьян Трунның «Жасанды интеллект» тегін онлайн курсы 190 елден 160 000 студентке ұсынылды, оның ішінде 28 000 студент курсты сәтті аяқтады.

Қазіргі таңда ЖОО-лар ЖАОК құруға және ілгерілетуге қатысып, өз курстарын осы мақсат үшін арнайы құрылған онлайн-білім беру жүйелерінде (платформаларында) орналастыруда:

- Coursera жобасы Стэнфорд университетінің информатика профессорлары Эндрю Ын (Andrew Ng) және Дафна Коллер (Daphne Koller) тарапынан ұйымдастырылған. Қазіргі кезде экспоненциалды қолданушылар саны 25 миллион студентті құрайды (<https://www.coursera.org/>);

- EdX – тыңдаушылардың экспоненциалды саны 15 миллион (<https://www.edx.org/>);

- XuetangX – топ-5 ЖАОК ішіндегі алғашқы ағылшын тіліндегі емес платформа (<http://www.xuetangx.com/global>) – 12 миллион қатысушыны құрайды;

- FutureLearn (<https://www.futurelearn.com/>) – 5,3 миллион білім алушыны құрайды;

- Udacity (<https://www.udacity.com/>) – 4 миллион қолданушысы бар (Stapleton, 2014:438).

Сонымен қатар білім беру қызметтері нарығында онлайн оқыту технологиясы білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналууда, осылайша студенттерді көбірек тарту және олардың брендині ілгерілету үшін жаңа жағдайлар жасалуда.

Стэнфорд Университетінің зерттеушілері (Coursera ЖАОК жетекшілері) тыңдаушылардың мінез-құлқын талдай отырып, тыңдаушылардың 5 санатын анықтаған.

2-кесте – ЖАОК тыңдаушыларының қатысу таксономиясы

ЖАОК тыңдаушыларының қатысу таксономиясы	
«салғырттық танытатындар»	оқуға кіріспестен оқу курсына жазылады
«жинақтаушылар»	оқу материалдарымен танысып, оларды жүктеп алып, өз коллекцияларын қалыптастырады
«көрермендер»	тапсырмаларды орындауға кіріспес бұрын, бейнедәрістерді тамашалайды
«шешушілер»	қалған оқу-әдістемелік материалдарды зерделеуге кіріспей, оң баға алу үшін тапсырмалар мен тестілеуді (кейде «кездейсоқ») орындайды
«әмбебаптар»	форумдар мен вебинарлардың, студенттік желілік қауымдастықтардың жұмысына қатыса отырып, белсенді оқиды

Оқытуда қолданылатын ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың әдістемелік және психологиялық-педагогикалық негіздерін зерттеушілердің пікірінше, жаппай ашық онлайн курстарды келесі топтарға бөлуге болады:

1) cMOOCs (connectivity MOOCs) – оқыту желілік теорияларға, күрделі ұйымдастырылған және өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелерге негізделген, ал оқыту байланыстарды құру және желілерді дамыту үдерісі ретінде қарастырылады (Можаева, 2015:56).

Авторлардың пайымдауынша, оқыту – бұл студент өзі байланыс орнататын барлық жаңа түйіндерді (түйін деп отырғанымыз басқа тұлғалар, ұйымдар, кітапханалар, веб-сайттар, кітаптар, журналдар, дерекқорлар немесе кез келген басқа ақпарат көзі болуы мүмкін) біртіндеп байланыстыратын желіні қалыптастыру және дамыту үдерісі, яғни оқыту осы байланыстарды құру және сол арқылы өту мүмкіндігінен тұрады.

cMOOCs стратегиясы (кері байланыс форумдарында) оқу қызметінің келесі түрлерін жандандыруды көздейді: а) білім алушы ұсынылған оқу материалдарынан (дереккөздерден) міндетті түрде дәйексөз келтіре отырып, өз көзқарасын білдіруге (дәлелдеуге) міндетті; б) бірнеше қатысушының жазбаларына пікір білдіруге міндетті. Осылайша, пікірталас басталып, нәтижесінде студент өз көзқарасының расталуын немесе теріске шығарылуын көріп қана қоймайды, сонымен қатар туындаған сұрақтарға қатысушылардан да, оқытушыдан да жауап алады. Әрбір тапсырма немесе талқылау қорытынды бағалауда көрініс табатын және оқытушының жеке пікірлерімен бірге жүретін белгілі бір ұпай санымен бағалануы маңызды. Осылайша, cMOOCs арқылы оқытуды ұйымдастыру өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі оқыту деңгейін арттыруға бағытталады.

2. xMOOC (басқа ЖАОК) – қашықтан оқытудың дәстүрлі моделіне негізделген және оқу үдерісінің нақты кестесі бар оқыту. Оның құрамына курстың құрылымдық мазмұны, студенттерді бақылау және сертификаттау енеді.

Курстардың бұл түріне әдетте, халықаралық онлайн білім беру платформаларында ашық қолжетімді университеттік курстар жатады.

Ғалымдардың пікірінше, жаппай ашық онлайн курстарды қолдана отырып оқытуды ұйымдастыруда зерттеу субъектілерінің психокогнитивті құрылымын қайта құруға – аналитикалық, синтетикалық және жіктеу операцияларының жылдамдығының жоғарылауына, ақпараттық және пәндік орта өрісінің кеңеюіне, жаңа динамикалық стереотиптердің пайда болуына әкелетін коммуникативті өріс өзгеру үстінде (Коган, 2017: 19).

Материалдар мен әдістер

Болашақ орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларын даярлау үдерісінде жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) әзірлеу және іске асыру үшін келесі материалдар пайдаланылды:

- орыс тілі мен әдебиеті бойынша оқулықтар мен оқу құралдарының электрондық нұсқалары;
- ашық білім беру платформалары (мысалы, Moodle, Course, Open edX);
- цифрлық форматтағы әдеби шығармалар;
- интерактивті ресурстар, соның ішінде электрондық сөздіктер, синтаксистік және морфологиялық талдауыштар.

ЖАОК-ты енгізудің тиімділігін анықтау барысында негізгі әдіс ретінде сауалнама және оның нәтижелерін талдау алынды. Сонымен қатар мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін зерттеу, қолданыстағы білім беру платформаларын және олардың орыс тілі мен әдебиетін оқыту мүмкіндіктерін талдау, интеграцияланған

оқыту жүйесін құрудың әдістемелік тәсілдерін синтездеу сынды әдістер қолданылды.

Әдебиеттерге шолу

Зерттеудің теориялық негізін оқытушылардың кәсіби педагогикалық білімі мен дайындығына қатысты теориялық тұжырымдамалар (Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, Л.М. Митина, А.И. Щербаков, Е.Н. Шиянов), олардың негізінде болашақ оқытушының кәсіби тұлғалық қалыптасуының әртүрлі ғылыми-теориялық ережелерін әзірлеу және тексеру; білім беру және тұлғаның дамуына қатысты теориялар (А.Н. Леонтьев, Е.И. Пассов, Г.В. Рогова, В.В. Сафонова); тұлғаның белсенділік теориясы (С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, А.В. Брушлинский); өзіндік кәсіби қызметке дайындық теориялары (психологиялық, лингвистикалық, мәдени) (П.И. Пидкасистый, И.П. Подласый, И.А. Зимняя); орыс тілін оқыту әдістемесінің ережелері (М.Т. Баранов, Т.А. Ладыженская, Н.М. Шанский); шет тілді білім беру мамандарының әдістемелік әзірлемелері (А.Л. Семенов, А.Г. Пекшева, Н.Г. Инютин); бағдарламаланған оқытудың психологиясы мен дидактикасы бойынша зерттеулер (Н.Ф. Тализина, В.П. Беспалько, Э.А. Штульман); болашақ мұғалімнің электрондық оқыту форматын пайдалануға ақпараттық-технологиялық дайындығы (П.В. Сысоев, М.Н. Евстигнеев, В.В. Гриншкун, В.В. Гура); электрондық білім беру ресурстарын әзірлеу және пайдалану жөніндегі зерттеулер (Е.С. Полат, И.В. Роберт, Н.В. Софронова, В.Л. Акуленко, Н.В. Чичерина, Л.Л. Босова және т.б.); педагогикалық өлшемдер теориялары (В.И. Байденко, Л.Н. Болотова) құрады.

Білім беру ортасында жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) әзірлеу және пайдалану ҚР-да да, шетелде де көптеген зерттеушілердің назарын аударды. Бірқатар зерттеушілер (Laurie Pickard, John Daniel) оқытушылардың кәсіби дайындығында ЖАОК құру мен қолданудың негізгі тәсілдерін, сондай-ақ олардың орыс тілі мен әдебиетін оқыту контекстіндегі ерекшеліктерін анықтауда онлайн курстарды мәдени ерекшеліктерді ескере отырып, әртүрлі елдердегі оқытушыларды даярлауға бейімдеуге болатынын айтады.

Тіл және әдебиет сияқты гуманитарлық пәндерді оқытуда белсенді оқыту әдістері мен интерактивті элементтер маңызды рөл атқарады. Мысалы, мәтіндерді талдау және сыни ойлауды

дамыту үшін цифрлық технологияларды қолдануға баса назар аударылады.

Цифрлық технологияларды белсенді пайдалануда оқытушының ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігі маңызды рөл атқарады. Орыс тілі мен әдебиеті оқытушысының мультимедиялық құзыреттілігі дегеніміз – ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, тілді оқытуды қарқындатуды қамтамасыз ететін оқу қызметін ұйымдастырудың ұтымды тәсілдерін, сондай-ақ болашақ орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының қарым-қатынастың әртүрлі нысандарын (ауызша, жазбаша), көпбағытты сөйлеу қызметін оқытуға бағытталған электрондық лингводидактиканың стратегиялары (тәсілдері) мен тактикалары (әдістері) жүйесін пайдалануға дайындығы мен қабілетін қамтамасыз ететін құзыреттерді меңгеру. Оқытушының АКТ құзыреті ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қызметті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындықтың бірлігін білдіреді. Ал АКТ жағынан құзыретті болған оқытушы өз пәні аясында ЖАОК құруға және оқу үдерісіне енгізуге қауқарлы болады.

Е.С. Полат, В.В. Гузеев және А.А. Андреев сияқты орыс ғалымдарының зерттеулері орыс тілі мен әдебиетін оқыту үшін ЖАОК-ты әзірлеу кезінде ұлттық білім беру дәстүрлерін ескерудің маңыздылығын атап көрсетеді. Олар сондай-ақ әдеби шығармалар мәдени талдау мен интерпретация элементтерін қоса алғанда, кешенді тәсілді қажет ететінін атап өтеді.

Айқын артықшылықтарға қарамастан, оқытушыларды даярлауда ЖАОК қолданудың бірқатар қиындықтары бар. Питер Норвиг және Себастьян Трун сияқты шетелдік ғалымдар негізгі мәселелер ретінде курстарды аяқтаудың төмен деңгейін, оқытуды дараландырудың шектеулі мүмкіндіктерін және практикалық дағдыларды қалыптастырудағы қиындықтар екенін көрсетеді.

Сонымен қатар ЖАОК курсының дизайны тұрақты онлайн мазмұнды қамтамасыз етуден асып түсуі керек. ЖАОК білім алушылардың проблемаларды шешу дағдыларын жақсарту үшін пассивті және декларативті элементтерді қамтуы керек (Koedinger, 2015). Бейнедәрістер мен оқу материалдары қатысушы үшін ЖАОК оқуының бағыты мен қолданылуы бойынша олардың сараптамалық практикасына айтарлықтай өзгеріс енгізді. ЖАОК-тың өзі міндетті түрде инновациялық болуы шарт емес, дегенмен

ол курстарды дәстүрлі емес тәсілдермен ұсына отырып, кез келген жерде барлығына ашық әрі жаңаша ойлауға және жұмыс істеуге мүмкіндік беруі тиіс.

Қазіргі таңда мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастырудың перспективалы оқу ортасы жаппай онлайн курстар болып табылады. А.А. Борисованың айтуынша, ашық білім беру оқыту стратегияларының кең спектрін ұсынады, сонымен қатар, онлайн-мазмұнға кең қолжетімділікті қамтамасыз етеді (Борисова, 2011).

Цифрлық сауаттылық (құзыреттілік) ұғымы 1997 жылы П. Гилстердің еңбегінде пайда болды. Осы тұжырымдамаға сәйкес, цифрлық құзыреттілік АКТ құралдарын пайдаланушы сыни тұрғыдан бағалай алатын дағдылар мен біліктердің жиынтығы екені айтылды және ақпаратты қолдану әртүрлі желілік құрылғылар арқылы жүзеге асты. Цифрлық құзыреттіліктің төрт компонентті құрылымы бар: білім, білік, мотивация, жауапкершілік (оның ішінде қауіпсіздік). Осы компоненттердің әрқайсысы іс-әрекеттің мүлдем басқа салаларында, оның ішінде білім беру саласында да қолданыла алады, мұнда студенттердің білімі, дағдылары мен ынтасы маңызды рөл атқарады.

Көптеген зерттеушілер АКТ құзыреттілігін ақпараттық құзыреттіліктің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады және оны келесі көрсеткіштердің үйлесімі ретінде таниды:

а) дәстүрлі және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жеке ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша дербес қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттық дүниетаным;

б) қазіргі заманғы ақпарат көздерін білуді, сондай-ақ ақпараттық ресурстарды іздеу және пайдалану қабілетін қамтитын ақпараттық сауаттылық;

в) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы сауаттылық, бұл әртүрлі көздерден ақпарат алу және кәсіби саладағы ақпараттық ағындардың ерекшеліктерін түсіну қабілетін болжайды.

Онлайн курстардың сапасын таңдау және бағалау мәселелерін сонымен қатар Б.С. Гершунский, Л.М. Блинкова, Н.В. Ушакова, Е.Р. Орлова, Е.Н. Кошкина, S. Abbar, M. Bouzeghoub, S. Lopez қарастырды. Авторлар курс бағдарламасы, вебинарлар, семинарлар, портфолио сияқты

негізгі критерилерді қалыптастырудан тұратын курстардың сапасын бағалаудың жеңілдетілген әдісін әзірледі. Бірақ авторлар тарапынан оқыту стандарттарына сәйкестік, білімді тексеру құралдары және бағалау, жекелендіру, әлеуметтік қолдау және т.б. сияқты маңызды критерилер ескерілмеді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары білімнің білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде жаппай ашық онлайн курстарды пайдаланудың әдістемелік моделін әзірледі. Оған сәйкес қолданбалы білім мен дағдыларды цифрлық ортаға ендіру, студенттерге оқу материалдарына тікелей қолжетімділікті қамтамасыз ету жүзеге асты. Ұсынылған модель электрондық білім беру әдіснамасын іске асыруға, отандық ғылым мен білім берудегі дәстүрлерді үйлесімді сақтауға және инновациялық педагогикалық технологияларды енгізуге бағытталған (онлайн және офлайн форматтар арасындағы өзара ұтымды іс-қимыл, мұнда онлайн оқыту білім беру үдерісін айтарлықтай толықтырып, байытады).

Сонымен, сауалнамаға қатысқандардың 81 % ЖАОК форматында оқыту мүмкіндігіне оң көзқарас танытты: респонденттердің 72,4% «Пәнге деген қызығушылық артты» десе, респонденттердің 87% тапсырмаларды орындау кезінде курс материалдарына қайта жүгінгендерін айтты; респонденттердің 68% «оқыту жекелендірілді» десе, сауалнамаға қатысқандардың 40% «алған білімдер жүйеленді» деп жауап берген. Сондай-ақ, тыңдаушылар ішінде сауалнамаға қатысқандардың 44% «белгіленген мерзімде оқу процесін өз бетінше бақылау қажеттілігі» қиындық тудырғанын атап өтті.

Ұйымдастырылған педагогикалық өзара іс-қимыл ретінде онлайн оқытудың маңызды артықшылықтары ретінде келесілерді танимыз: 1) кедергілердің болмауы; 2) студенттердің өзіндік жұмысын жандандырудың жаңа мүмкіндіктері; 3) білім беру ресурстарына қосымша қолжетімділік (оқу пәнінің мазмұнын кеңейту/тереңдету); 4) білім беру үдерісіне мүдделі қатысушылар арасында өзара іс-қимыл жасау үшін жағдайлар жасау (Нургалиева, 2010:128).

3-кесте – Студенттердің курс бойынша оқуға және оны аяқтауға деген ынтасын анықтауға арналған сауалнама

1. Төменде берілген сұраққа екіден көп емес жауап қатарын таңдау арқылы жауап беріңіз. *Сіз бұл курсты не үшін таңдадыңыз?*

А) курс тақырыбына қызығушылық
 Б) сертификат алу мүмкіндігі
 В) курс оқытушысы
 Г) курстың қызықты стилі
 Д) курсты орыс тілінде өту мүмкіндігі
 Е) жоғары оқу орнының талабы

2. Сізге әсер еткен әрбір көрсеткіштің маңыздылық дәрежесін таңдаңыз.
Форумда оқытушымен (нұсқаушымен) өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі

Аса маңызды	Маңызды	Ішінара маңызды	Маңызды емес
-------------	---------	-----------------	--------------

Оқу үдерісінің басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу мүмкіндігі

Аса маңызды	Маңызды	Ішінара маңызды	Маңызды емес
-------------	---------	-----------------	--------------

Курс материалын өз қарқынымен оқу мүмкіндігі


Аса маңызды	Маңызды	Ішінара маңызды	Маңызды емес
-------------	---------	-----------------	--------------

Сертификат алу мүмкіндігі

Аса маңызды	Маңызды	Ішінара маңызды	Маңызды емес
-------------	---------	-----------------	--------------

3. Төмендегі тізімнен жауаптарды таңдау арқылы сұраққа жауап беріңіз.
Курс барысында материалдарға деген қызығушылығыңызды не ұстап тұрды?

А) курстың қызықты мазмұны
 Б) курстың түсінікті құрылымы
 С) материалды қызықты ұсыну
 Д) курстың практикалық маңызы
 Е) оқытушының харизмасы
 F) оқытушы орыс тілін оқытудың теориясы мен инновациялық әдістері туралы толық хабардар
 G) Қосымша материалдардың үздік таңдап алынуы



1-сурет – ЖАОК форматында оқыту

Білім берудегі ақпараттық технологиялардың зерттеушілері (А.А. Андреев, Я.А. Ваграменко, Л.Х. Зайнутдинова, А.А. Кузнецов, С.В. Панюкова, Н.В. Софронова) ЖАОК дамуында студенттер мен оқытушылардың корпоративтік мәдениеті (мінез-құлқы), яғни, бас тапқы дереккөздерді пайдалану және авторлық құқықты бұзбау заңына бағыну қабілеті маңызды орын алатынын алға тартады. Оның ішінде маңыздылары: А) тек бір аккаунтты тіркеуді талап ететін сауалнамаларды толтыру; Б) тестілерді міндетті түрде өз бетінше орындауды талап ету; В) үшінші тұлғаларға жауаптарды (тестілерді, тапсырмаларды, емтихан материалдарын, диктанттардың мазмұнын, сондай-ақ оқытушылардың немесе курстардың басқа қызметкерлерінің ресми жауаптарын) беруге тыйым салу (Андреев, 2014:150).

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да 2023 жылы «Қарым-қатынастың оқу-кәсіптік саласындағы орыс тілі» (авторлары: Сансызбаева С.К., Сағатова С.С.) ЖАОК ЖОО-да оқытылатын «Орыс тілі» пәніне кіріктірілді. Барлық факультеттер бойынша студенттер аталған ЖАОК-тан өтіп, нәтижесінде үлгерімі бойынша сертификаттар алды.

Аталған курсқа жазылғаннан кейін тыңдаушылардың жартысынан көбі (58%) бірінші аптада тест тапсырмаларын орындауға кіріскен. Айта кету керек, курстың екі жылдағы нәтижесінің әрқайсысында белсенді тыңдаушылар саны курс ортасына келгенде азая түскен. ЖАОК-та оқуды жалғастырса да, тыңдаушылардың аз бөлігі ғана тапсырмаларды орындаған. Белсенділікке ұқсас, аралық тестілеудің орташа ұпайлары апта сайын төмендей түскен. Соған қарамастан курсты сәтті аяқтаған студенттер саны ойдағыдай болған.

«Қарым-қатынастың оқу-кәсіптік саласындағы орыс тілі» ЖАОК 2024 жылғы үздік ЖАОК-тар тізіміне еніп, «Ең танымал онлайн-курс» номинациясына ие болды.

Алынған нәтижелерді қорытындылай келе, ЖАОК-та тест тапсырмаларын шешуде жоғары нәтижелерге қолжеткізу үшін өзін-өзі басқаратын оқытудың ең құнды құрамдас бөлігі жоспарлау дағдысы болып табылатыны анықталды.

ЖАОК-ты білім беру үдерісіне сауатты енгізу (ЖАОК-платформалардың мүмкіндіктерін білу және практикалық пайдалану негізінде: мысалы, кейбір платформалар жасауға мүмкіндік беретін аудиторияның үлгерімі журналын жүргізу) ЖАОК форматындағы ретсіз оқу үдерісін

ашық, мақсатты, басқарылатын етуге мүмкіндік береді.

ЖАОК қолдану тәжірибесі оның типтік кемшіліктерін де анықтады: 1) тыңдаушылардың едәуір бөлігі курсты аяқтамайды; 2) кейде тыңдаушылардың курсты жүргізетін оқытушымен нақты уақыт режимінде байланысуға мүмкіндігі жоқ; 3) студенттердің дайындық деңгейінде, курсты оқу мотивтерінде айырмашылықтардың болуы.

ЖАОК тыңдаушыларында онлайн оқыту барысында келесі мотивтердің бары анықталды: оқуға деген қызығушылық; курстың қызықты болуы; курс тақырыбының академиялық қызығушылықтарға немесе мамандыққа сәйкестігі; пән бойынша жаңа және жан-жақты білім алу; онлайн оқыту тәжірибесі; жаңа тақырыпты меңгеруге деген ұмтылыс; сертификат алу; кәсіби даму мүмкіндіктері; курстың тегін болуы; осы пәндік саладағы қызығушылық; өз біліктілігін арттыру; университетте жетістікке жету үшін білім алу.

Сондай-ақ, ЖАОК болашақ орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларын даярлау үдерісінде маңызды рөл атқарады. Ол болашақ оқытушылардың кәсіби, әдістемелік және технологиялық дағдыларын жетілдіруге бағытталған тиімді құрал ретінде қызмет етеді.

Қорытынды

Осылайша ЖАОК ақпараттық және коммуникациялық құрал (ЖОО-да электрондық оқытудың перспективалық нысаны) ретінде болашақ орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларын даярлау жүйесінің инновациялық дамуының жаңа векторын белгілейді: а) білім берудің ашықтығы мен даралануы; б) заманауи ақпараттық технологиялардың техникалық және бағдарламалық мүмкіндіктерін барынша пайдалануға мүмкіндік беретін білім беру мультимедиялық контентінің жоғары әлеуеті; в) интерактивті желілік және мобильді өзара әрекеттесу қызметтерін пайдалану режимі.

Пәндік-бағдарлы білім беру технологиясын енгізудің лингвистикалық және әдістемелік векторын анықтайтын осы шарттарды сақтау, жаппай ашық онлайн курстарды қолдана отырып оқытуды ұйымдастыру, материалды ұсыну мен бақылаудың әртүрлі формаларына көшу, онлайн білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру, біздің ойымызша, болашақ орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының жеке дамуына мүм-

кіндік береді, сонымен бірге олар алған білімдерін интеграциялау қабілетінде көрінетін жаңа ақпараттық біліктер мен дағдыларды игереді, оны контекстік тұрғыда қолданып, тұлғааралық диалог үшін де, болашақ мамандық үшін де қажетті құзыреттіліктерді меңгереді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқытушылар білім берудің бұл форматына білім алушыларға қарағанда көбірек қызығушылық танытады. Сонымен қатар, барлық пәндер бойынша үздік нәтиже көрсетіп, белсенді өмір салтын ұстанатын студенттер де онлайн форматты құптайды. Бірақ мотивациясы мен үлгерімі төмен студенттер ЖОО-да классикалық білім алуды таңдайды. Оқытушылар арасында ғылыми қызметпен және біліктілікті арттырудың әртүрлі формаларымен айналысатын тұлғалар ЖАОК-қа ауысуға бейім.

Болашақ орыс тілі мен әдебиеті оқытушылары үшін ЖАОК қалыптастыру әдісі пәннің ерекшелігін, студенттердің жеке қажеттіліктерін және заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін ескеруді талап етеді. Мұндай тәсіл цифрлық білім беру ортасында тиімді жұмыс істей алатын бәсекеге қабілетті оқытушыларды даярлауға ықпал етеді.

ЖАОК – қазіргі заманғы цифрлық білім беру саласындағы маңызды құрал. Оны оқу үндерісіне интеграциялау білім беру сапасын арттырып, білім беру мазмұнына қолжетімділікті кеңейтуге ықпал етеді. ЖАОК-ты орыс тілі мен әдебиетін оқытуда қолданудың болашақ оқытушыларды дайындау барысында бірнеше артықшылықтары бар. Біріншіден, ЖАОК білім беру ресурстарының кең көлемде таралуына мүмкіндік береді және кез келген тұлғаға қолжетімділігімен ерекшеленеді. Бұл қағидаттар орыс тілі мен әдебиетін оқытуда да ерекше өзекті. Екіншіден,

онлайн курс оқу материалдарын модульдерге бөліп, теория мен практиканы үйлестіреді. Бұл студенттердің мазмұнды терең түсініп, алған білімдерін практикалық түрде қолдануға ықпал етеді. Үшіншіден, ЖАОК білім алушыларға өз қарқынына сай білім алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивті элементтер мен кері байланыс олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Төртіншіден, ЖАОК цифрлық технологияларды қолдану арқылы дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырады. Бұл орыс тілі мен әдебиеті пәндері бойынша білім алушылардың лингвистикалық және әдеби дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

ЖАОК қолдану барысында анықталған кемшіліктерге курсты аяқтау деңгейінің төмендігі, нақты уақыттағы оқытушымен байланыс шектеулері және тыңдаушылардың бастапқы дайындық деңгейіндегі айырмашылықтарды жатқызуға болады. Бұл мәселелердің алдын алу үшін курсты ұйымдастыру кезінде білім алушылардың ынтасын арттыруға бағытталған әдістерді қолдану ұсынылады. Сонымен қатар оқытушымен белсенді кері байланысты қамтамасыз ететін құралдарды дамыту қажет.

ЖАОК-тың маңызды артықшылығы – оның ашықтығы мен жаппай болуына, қашықтан оқыту мүмкіндіктеріне және курсты өз бетінше таңдау мүмкіндігіне байланысты білім берудің қолжетімділігінің артуында. Әлемнің үздік университеттері құрған ЖАОК курстары жоғары сапалы және олар оқытудың прогрессивті түрлерін қолданады.

Мақала ЖТН АР19676778 «Ахмет Байтұрсынұлының "Тірі білім" теориясы: тілді оқытудың концептуалдық бағыты» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

References

- Andreev, A.A. (2014). Rossyskiye otkrytye obrazovatel'nye resursy i massovye otkrytye distansionnye kursy [Russian open educational resources and mass open distance courses]. Higher education in Russia, Vol. 6, P. 150-155. (In Russian)
- Borisova, A.A. (2011). Distancionnoe obuchenie: organizacionnyye i tekhnologicheskie aspekty [Distance learning: organizational and technological aspects]. KiberLeninka. Sankt-Peterburg, P. 34-45. (In Russian)
- Dzhusubalyeva, D.M. (2017). MOOC – open online education for universities [MOOC – otkrytoe online obrazovanye dlya vuzov]. Materials of the international scientific and methodological conference. KazNU. al-Farabi, P. 209-213. (In Russian)
- Gosudarstvenniy obsheobyazatel'niy standart vyschego obrazovanya (2012). [State mandatory standard of higher education]. [Electronic resource]. URL: <http://obr-portal.atso.kz/wp-content/uploads/2016/09/GOSO-RK-bakalavriat-2016.pdf> (Date of use: 20.09.2023). (In Russian)
- Gosudarstvennaya programma razvytiya obrazovanya Respublyky Kazakhstan (2011-2020). [State program of education development of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. URL: (Date of use: 20.09.2023) https://primeminister.kz/page/article_item-34.6 (In Russian)

Koedinger, K.R., Kim, J. (2015). Learning is not a spectator sport: Doing is better than watching for learning from a MOOC. Proceedings of the second ACM conference on learning.

Myxeeva, O.P. (2016). Perspektivnye informacionnye tekhnology [Advanced information technologies]. Terminological problems of e-learning. Proceedings of the International scientific and technical conference, P. 768-771. (In Russian)

Mozhaeva, G.V. (2015). Massovye online-kursy: novy vector v razvity nepreryvnogo obrazovanya [Mass online courses a new vector in the development of continuing education] open and distance education, Vol. 2 (58), P. 56-66. (In Russian)

Nurgalyeva, G.K., Artykbaeva, E.V. (2010). Metodologiya i tekhnologiya elektronnoy obucheniya [Methodology and e-learning technology]. Almaty. (In Russian)

Kogan, M.S., Weindstein, E.V. (2017). Alternatives to mass open online courses when integrating them into the educational process of higher education. Questions of teaching methods in higher education, Vol. 6(20), P. 19-28.

Semyonova, T.V., Vilkova, K.A. (2017). Tipy integratsiy massovykh otkrytykh online-kursov v uchebnyy protsess universitetov [Types of integration of mass open online courses in the educational process of universities] University management: practice and analysis. Vol. 21, Iss. 6 (112), P. 114-126. (In Russian)

Stapleton, P. (2014). Language teaching research: encouraging more can be an interdisciplinary approach. Oxford. ELT Journal, Vol. 4(68), P. 432-441.

Авторлар туралы мәлімет:

Жаппарқұлова Қарлығаш Нұрғалиқызы (корреспондент автор) – PhD, доцент м.а., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: karlygash.zhapparkul@gmail.com);

Ахмет Ақбөпе Нұрқадырқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: akbope.akhmet@kaznu.kz);

Сейтқазы Эльмира Амангелдіқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: seytkazanova83@gmail.com).

Сведения об авторах:

Жаппарқұлова Қарлығаш Нұрғалиқызы – PhD, и.о. доцента, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, (Казахстан, г. Алматы, e-mail: karlygash.zhapparkul@gmail.com);

Ахмет Ақбөпе Нұрқадырқызы – магистр гуманитарных наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: akbope.akhmet@kaznu.kz);

Сейтқазы Эльмира Амангелдіқызы – магистр гуманитарных наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: seytkazanova83@gmail.com).

Information about the authors:

Zhapparkulova Karlygash Nurgalikizy – PhD, Acting Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, (Kazakhstan, Almaty, e-mail: karlygash.zhapparkul@gmail.com);

Akhmet Akbope Nurkadyrkyzy – Master of Humanities, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akbope.akhmet@kaznu.kz);

Seytkazy Elmira – Master of Humanities, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: seytkazanova83@gmail.com).

Келін түсті: 15 қаңтар 2025 жыл

Қабылданды: 10 маусым 2025 жыл